

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қорын құру туралы" Жарлығының жобасын Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 желтоқсан N 1797

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қорын құру туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қорын құру туралы

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық

Z000083_

заңының 9-бабын орындау үшін қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры (бұдан әрі - Қор) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Қордың Жарғысы бекітілсін.
3. Мыналар:
 - 1) Қор әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін коммерциялық емес ұйым болып табылады;

2. Қор қызметінің мақсаттары, міндеттері және негізгі бағыттары:
әлеуметтік, экономикалық және саяси салаларда ғылыми зерттеулерге қатысу;
халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен нығайтуға жағдай жасау және
әлеуметтік, экономикалық және саяси салаларда тәжірибе алмасу;
әлеуметтік, экономикалық және саяси салалардағы ғылыми зерттеулер мен
практикада басымдықты бағыттарды анықтау және дамуына жәрдемдесу;
ғылыми және педагогтік кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін көтеруге
қ а т ы с у ;

Қордың шеңберінде жекелеген ғалымдардың және студенттердің, ғылыми және
қоғамдық-педагогтік ұжымдардың, гуманитарлық және қоғамдық ғылымдарды
көпшілікке таратушылардың неғұрлым маңызды зерттеу жұмыстарын қолдау және
к ө т е р м е л е у ;

ғылыми білімдерді тарату, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер,
конференциялар және т.б. өткізу, консультациялық қызметтер көрсету;
қазіргі заманғы өркениеттің жетістіктері проблемалары бойынша халықаралық
көрмелер және телекөпірлер ұйымдастыру;
ақпараттық және жарнамалық баспа қызметін жүзеге асыру;
қайырымдылық қызметін жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық шарттарға және жоғарыда
аталған жарғылық мақсаттар мен міндеттерге қайшы келмейтін басқа да қызметті
жүзеге асыру болып табылады.

3. Қызметінің мақсаттарын, міндеттерін және негізгі бағыттарын іске асыру үшін
Қ о р :

Қордың қызметіне байланысты ғылыми, оның ішінде халықаралық зерттеулерді,
ғылыми-практикалық конференцияларды, симпозиумдарды, дөңгелек үстелдерді және
т.б. өткізуге және қаржыландыруға;

ғалымдарды және мамандарды оқыту, қайта даярлау, біліктілігін көтеру және
тәжірибе алмасу үшін шет елдерге іссапарға жіберуді ұйымдастыруға;
тікелей халықаралық қатынастарды және байланыстарды қолдап отыруға, шетелдік
ұйымдармен келісімдер жасасуға;

бұқаралық ақпарат құралдарын құруға және редакциялық-баспа қызметін жүзеге
а с ы р у ғ а ;

өз қызметі туралы ақпарат таратуға;
қоғамдық өмірдің әртүрлі мәселелері бойынша бастамалар көтеруге, мемлекеттік
өкімет және басқару органдарына ұсыныстар жасауға;

жарғылық мақсаттарға сәйкес келетін және жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін
кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, осы үшін шаруашылық серіктестіктер мен
қоғамдар құруға немесе оларға қатысуға, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүргізуге
арналған мүліктерді сатып алуға;

Қордың жарғылық қызметін қаржыландыру үшін отандық және шетел инвесторларының қаражаттарын тарту жөнінде іс-шаралар өткізуге, оның ішінде дәрістер, көрмелер, лотереялар, аукциондар ұйымдастыруға, қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен бағалы қағаздармен

операциялар жасауға;

шарттар жасасуға, мүліктерді сатып алуға және жалдауға, заңды және жеке тұлғалармен өзге де азаматтық-құқықтық қатынастар жасауға;

белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға;

қайырымдылық мақсаттарға өз қаражатын пайдалануға;

Қордың мақсаттарына қайшы келмейтін және заң тыйым салмайтын өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

3. Қордың құрылтайшысының құқықтары мен міндеттері

1. Қор оның құрылтайшысының бастамасы бойынша құрылған.

2. Қордың құрылтайшысы:

Қор ұйымдастыратын іс-шараларға қатысуға;

Қордың ақпараттық және талдамалық материалдары мен әзірлемелерін пайдалануға;

Қордың шеңберінде әлеуметтік, саяси және экономикалық салалардағы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға; қоғамдық пайдалы мақсаттармен ұйымдарды құруға немесе құруға қатысуға; кадрларды оқыту үшін басымдықты тәртіппен материалдық базаны және Қордың басқа да мүмкіндіктерін пайдалануға;

Қордың мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін жеке кәсіби, шығармашылық орталықтар, зертханалар, шеберханалар және т.б. құруға;

Қордың тапсырмасы бойынша қазақстандық, халықаралық ұйымдарда оның м ү д д е л е р і н б і л д і р у г е ;

Қор қызметінің барлық мәселелері бойынша ұсыныстар және сыни ескертпелер е н г і з у г е қ ұ қ ы л ы .

3. Қордың құрылтайшысы осы Жарғының талаптарын, Қордың басшы органдарының шешімдерін орындауға және оның жарғылық қызметіне жан-жақты ж ә р д е м д е с у г е м і н д е т т і .

4. Жарғы Қордың құрылтайшысы үшін Жарғының тиісті бөлімдерінде басқа да қ ұ қ ы қ т а р д ы к ө з д е й д і .

4. Қордың қызметі

1. Қор бухгалтерлік есепті және статистикалық есептілікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізеді, өзінің қызметі туралы ақпаратты мемлекеттік салық және статистикалық органдарға, Қордың Қамқоршылық Кеңесіне табыс етеді.

2. Қордың меншігінде жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, құрылғылар, тұрғын үй қоры, көлік, жабдықтар, мүкәммал, мәдени-ағартушылық және сауықтыру мақсатындағы мүліктер, теңгемен және шетелдік валютамен ақшалай қаражаттары, акциялары, басқа да бағалы қағаздары және осы Жарғымен айқындалған Қордың қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де мүліктері болуы мүмкін.

Сондай-ақ, Қордың меншігінде оның жарғылық мақсаттарына сәйкес меншікті қаражаттар есебінен құрылатын және сатып алынатын баспалары, бұқаралық ақпарат құралдары және өзге де ұйымдары болуы мүмкін.

Қор өз қызметін сенімгерлік басқару негізінде жүзеге асыруы мүмкін.

3. Қорға оның құрылтайшысы берген мүліктер Қордың меншігі болып

табылады. Құрылтайшы өзі құрған Қордың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Қор өзінің құрылтайшысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Қор өзінің мүлкін пайдалану туралы есептерді жыл сайын жариялап тұрады.

5. Қор мүліктерін ақшалай және өзге де нысандарда қалыптастыру көздері:

құрылтайшылардан және басқа да қатысушылардан түсетін тұрақты және біржолғы түсімдер;

ерікті жарналар мен қайырымдылық көрсетулер;

дәрістерден, көрмелерден, лотереялардан, аукциондардан және өзге де іс-шаралардан түсетін түсімдер;

кәсіпкерлік және баспа қызметінен алынатын кірістер;

акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдардан алынатын дивидендтер (кірістер, пайыздар);

Қордың меншігінен алынатын кірістер;

заңда тыйым салынбаған басқа да түсімдер болып табылады.

6. Қордың тапқан пайдасы тек жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғана пайдаланылуы тиіс.

7. Қор Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бюджетке, кедендікті қоса алғанда, салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлейді.

5. Қорды басқару, оның құрылымы

1. Қорды басқаруды оның құрылтайшысы жүзеге асырады. Құрылтайшының қарауына:

заңдарда белгіленген тәртіппен Қорды қайта ұйымдастыру немесе тарату;
Қордың Жарғысын бекіту, оған толықтырулар мен өзгерістер енгізу;

Қорды басқарудың тұрақты жұмыс істейтін алқалық органының құрамын - Қордың Президенті басқаратын Атқарушы комитетті және Қордың вице-Президентін бес жыл мерзімге қалыптастыру;

Қамқоршы Кеңестің құрамын бекіту, оған Қор Президентінің ұсынысы бойынша өзгерістер енгізу;

бес жыл мерзімге тексеру комиссиясының құрамын бекіту, оған Қор Президентінің ұсынысы бойынша өзгерістер енгізу;

Қор қызметінің басымдықты бағыттарын және перспективалық жұмыс жоспарларын бекіту;

Президенттің немесе Қамқоршы Кеңестің бастамасы бойынша оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатқызылады.

Шешімдер хаттамаға енгізіліп, оған Қордың Президенті және техникалық хатшы қол қояды.

2. Қорды басқарудың тұрақты жұмыс істейтін алқалық органы Қордың Президенті басқаратын Атқарушы комитет болып табылады. Қордың вице-президенті лауазымы бойынша Атқарушы комитеттің мүшесі болып табылады. Атқарушы комитеттің қарауына:

а) Қордың атынан заңды тұлғалардың құқықтарын жүзеге асыру;

б) Қордың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оларды кейін Қор құрылтайшысына бекітуге ұсыну;

в) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің және оның шаруашылық ұйымдарының жарғыларын, ережелерін бекіту;

г) Қорға түсетін, сондай-ақ ол өз қаражатына жасаған және (немесе) сатып алынған мүліктің меншік иесі құқықтарын жүзеге асыру;

д) Қор құрылтайшысының шешімдерін орындау;

е) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің және оның ұйымдарының қызметін үйлестіру жатады.

Атқарушы комитеттің мәжілістері қажеттілікке қарай өткізіледі. Шешім мәжіліске қатысып отырған атқарушы комитет мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады және егер отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 қатысатын болса, күшінде деп саналады.

Атқарушы комитеттің мәжілістері және шешімдеріне Қор Президенті, ал ол жоқ

болса, Қордың вице-президенті қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

3. Қордың қызметіне басшылық жасауды келесі мерзімге қайта сайлануға құқық беріле отырып, бес жылдық мерзімге сайланатын Қордың Президенті жүзеге асырады.

Қордың мүліктері мен істерін басқару функцияларын жүзеге асыру үшін Қордың Президенті "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде еңбек қатынастарын жүргізетін штаттық қызметкерлердің аппараты болады.

4. Қордың Президенті Қордың қызметін ұйымдастырады және оның нәтижелеріне жауап береді, Қор вице-президентінің қызметтік құқықтары мен міндеттерін белгілейді, Атқарушы комитеттің шешімдеріне сәйкес Қордың мүліктері мен қаржылық қаражаттарына билік етеді, құрылымы мен штаттық кестесін белгілейді, Қордың қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, олардың арасында міндеттерді бөледі, Қордың барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар және басқа да құжаттар шығарады, Қордың Атқарушы комитетінің қызметіне басшылық жасайды, аудиторды тағайындайды, Қордың атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында және шет елдерде оның мүдделерін білдіреді, мәмілелер жасайды, сотта мүдделерін білдіреді, сенімхат береді, Қор қызметінің мәселелері бойынша басқа да функцияларды атқарады.

Қор Президенті өзінің жекелеген өкілеттіктерін орындауды Қордың вице-президентіне жүктеуі мүмкін.

5. Қордың қызметін, оның мүлкінің пайдаланылуын, Қордың заңдарды сақтауын қадағалауды қоғамдық негізде жұмыс істейтін Қамқоршылық Кеңес (мәтін бойынша бұдан әрі - Кеңес) жүзеге асырады.

6. Кеңестің құрамы және оның төрағасы Қор құрылтайшысының шешімімен бекітіледі.

Кеңестің құрамы өкілеттік мерзімі шектелмей, қордың қызметіне қолдау жасайтын, Қордың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруда нақты көмек көрсетуге қабілетті адамдардан және заңды тұлғалардың өкілдерінен қалыптастырылады.

Қордың Президенті лауазымы бойынша Кеңестің құрамына енеді.

Кеңестің құрамына Қор аппаратының штаттық қызметкерлері кіре алмайды.

Қордың құрамына өзгерістер Қор Президентінің ұсынуы бойынша Қор құрылтайшысының шешімімен енгізіледі.

7. Кеңестің мәжілістері қажеттілікке қарай өткізіледі, бірақ жылына бір реттен кем болмауы тиіс. Шешім мәжіліске қатысушы Кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және егер мәжіліске оның мүшелерінің жалпы санынан кемінде 2/3 мүшесі қатысса, күшінде деп саналады.

Кеңестің мәжілістері және шешімдері Кеңес төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Кеңес өз мәжілістерінде Қордың қызметі және оның қаражаттарының жұмсалуды туралы баяндамаларды тыңдайды, Қор қызметінің негізгі бағыттары, оның мүлкін қалыптастыру және пайдалану қағидаттары бойынша ұсынымдар әзірлейді, Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін тексерістердің және тексерулердің нәтижелерін қарайды.

Кеңес Қор Жарғысының сақталудың қадағалауды жүзеге асырады.

Кеңес Қор өткізетін іс-шараларға қатысу үшін өзінің өкілдерін жіберуі мүмкін.

Кеңестің жұмысын материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету Қордың аппаратына жүктеледі.

Кеңестің жұмысына қатысумен тікелей, байланысты Кеңес мүшелерінің шығыстары Қордың қаражаты есебінен төленеді.

8. Қордың қаржылық-шаруашылық қызметіне тексерістер мен тексерулерді Қордың Президенті немесе Қор құрылтайшысы бес жылдық мерзімге құрамы үш адам етіп бекітетін тексеру комиссиясы тағайындайтын аудитор жүргізеді.

Тексеру комиссиясының құрамына Қордың штаттық қызметкерлері және олардың туысқандары сайлана алмайды.

9. Қордың филиалдары және өкілдіктері құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

Қордың ұйымдары өздерінің жарғыларына сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.